

**"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 қазандағы N 1040 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Жоба

**Қазақстан Республикасының Заңы  
"Нормативтік құқықтық актілер туралы"  
Қазақстан Республикасының Заңына  
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

**1-бап.** "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 2-3, 25-құжат; 2001 ж., N 20, 258-құжат; 2002 ж., N 5, 50-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1-баптың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"9) кодекс - осы Заңның 3-1-бабында көзделген біртектес қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар біріктірілген және жүйеге келтірілген заң;"

2) 2-баптың 4-тармағының бірінші абзацында "2)" деген сан "1)" деген санмен ауыстырылсын;

3) 3-баптың 2-тармағында:

б) тармақшада "нормативтік" деген сөзден кейін "құқықтық" деген сөзбен толықтырылсын;

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) орталық мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық қаулылары;"  
мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) орталық мемлекеттік органдардың ведомстволары басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтары;"

4) мынадай мазмұндағы 3-1-баппен толықтырылсын:

"3-1-бап. Қазақстан Республикасының кодекстерімен реттелетін қоғамдық қ а т ы н а с т а р

Қазақстан Республикасының кодекстері мынадай қоғамдық қатынастарды реттеу мақсатында

қ а б ы л д а н а д ы :

- 1 ) б ю д ж е т т і к ;
- 2 ) а з а м а т т ы қ ;
- 3 ) а з а м а т т ы қ і с жү р г і з у ;
- 4 ) с у ;
- 5 ) ж е р ;
- 6 ) о р м а н ;
- 7 ) с а л ы қ ;
- 8 ) к е д е н ;
- 9 ) к ө л і к ;
- 1 0 ) е ң б е к ;
- 11) қылмыстық жазаларды орындауға байланысты;
- 12) әкімшілік жауапкершілікке тартуға байланысты;
- 13) қылмыстық жауапкершілікке тартуға байланысты;
- 14) қылмыстық іс жүргізу.";
- 5 ) 4 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т а :

4) және 5) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Қазақстан Республикасының Парламенті мен оның палаталарының нормативтік қ а у л ы л а р ы ;

5) Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік Жарлықтары;"

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) Қазақстан Республикасының министрлері мен орталық мемлекеттік органдардың өзге де басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтары, орталық мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық қаулылары және Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының нормативтік қаулылары;"

мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) орталық мемлекеттік органдардың ведомстволары басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтары;"

4-тармақта "және Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының" деген сөздер а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

5-тармақ "нормативтік" деген сөзден кейін "құқықтық" деген сөзбен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

б) 15-баптың 3-тармағында "уәкілетті" деген сөз "жоғары тұрған мемлекеттік" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

7 ) 1 6 - б а п т а :

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) актінің түріне нұсқау;" ;

7) тармақшада "министрлігінде" деген сөз "органдарында" деген сөзбен ауыстырылсын ;

8) 22-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша осы актілермен реттелетін құқықтық қатынастарға байланысты ғылыми сараптама (құқықтық, экологиялық, қаржылық және басқа) жүргізілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауына енгізілетін нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша ғылыми сараптама жүргізу міндетті." ;

9 ) 25 - бапта :

2 - тармақ :

мынадай мазмұндағы 8-1-тармақшамен толықтырылсын:

"8-1) орталық мемлекеттік органдар ведомстволарының нормативтік құқықтық актілері үшін осы органдардың қызметін реттейтін заң актілерімен, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерімен, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарымен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларымен;" ;

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерді қабылдауына уәкілетті органның осы актіні қабылдау жөнінде құзыреті заңда тікелей көзделген жағдайда ғана ж о л б е р і л е д і . " ;

10) 27-бап мынадай мазмұндағы 5 және 6-тармақтармен толықтырылсын:

"5. Нормативтік құқықтық актінің күші жойылды деп танылған кезде, бір мезгілде осы актіге өзгерістер мен толықтырулар енгізілген барлық нормативтік құқықтық актілердің не олардың бөлігінің күші жойылды деп танылады.

6. Күшіне енбеген нормативтік құқықтық, актілер күші жойылды деп таныла алмайды. Қажет болған кезде мұндай нормативтік құқықтық актілер жойылуы мүмкін." ;

11) 36-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"36-бап. Нормативтік құқықтық актілердің күшіне ену және қолданысқа енгізу у а қ ы т ы

1. Осы тармақтың екінші абзацында көрсетілген нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда, нормативтік құқықтық актілер қол қойылғаннан кейін күшіне енеді.

Осы Заңның 38-бабына сәйкес әділет органдарында мемлекеттік тіркеуге жататын нормативтік құқықтық актілер мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

2. Нормативтік құқықтық актілер мынадай мерзімдерде:

1) Қазақстан Республикасының Парламенті мен оның палаталарының қаулыларын қоспағанда, Қазақстан Республикасының заң актілері, Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік құқықтық Жарлықтары, Қазақстан Республикасы

Үкіметінің нормативтік құқықтық қаулылары, - егер актінің өзінде немесе оларды қолданысқа енгізу туралы актілерде өзге мерзімдер көрсетілмесе, оларды алғашқы ресми жариялағаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң;

2) Қазақстан Республикасы Парламенті мен оның палаталарының қаулылары - егер актілердің өзінде өзге мерзімдер көрсетілмесе, алғашқы ресми жарияланған күнінен б а с т а п ;

3) Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің қаулылары - оларды қа б ы л д а ғ а н кү н і н е н б а с т а п ;

4) Қазақстан Республикасының министрлері мен орталық мемлекеттік органдардың өзге де басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтары, орталық мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық қаулылары, оның ішінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының және Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының нормативтік қаулылары, орталық мемлекеттік органдардың ведомстволары басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтары, мәслихаттардың нормативтік құқықтық шешімдері, сондай-ақ әкімияттардың нормативтік құқықтық қаулылары мен әкімдердің нормативтік құқықтық шешімдері, - егер актілердің өзінде өзге мерзімдер көрсетілмесе, оларды алғашқы ресми жариялағаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .

3. Нормативтік құқықтық актілерде немесе оларды қолданысқа енгізу туралы актілерде нормативтік құқықтық актілердің жекелеген бөлімдерін, тарауларын, баптарын, бөліктерін, тармақшалары мен баптың абзацтарын қолданысқа енгізудің тұтас алғанда бүкіл акт үшін белгіленгенінен өзге мерзімдері көрсетілуі мүмкін.

4. Бұрын жауапкершілік жүктелмеген іс-қимылдар үшін заңдық жауапкершілік көзделетін не бұрынғысымен салыстырғанда неғұрлым қатаң жауапкершілік белгіленетін нормативтік құқықтық акті, бұл акт ресми жарияланғаннан кейін он күн мерзім өткенге дейін қолданысқа енгізіле алмайды.

5. Егер нормативтік құқықтық актінің едәуір көлемді болуына байланысты оның мәтіні мерзімді баспасөз басылымының бірнеше нөмірінде жарияланса, онда нормативтік құқықтық акті мәтінінің қорытынды бөлігі жарияланған күн ресми жарияланған күні болып есептеледі.

Нормативтік құқықтық актілер мерзімді баспасөз басылымдарында мемлекеттік тілде және орыс тілінде бір мезгілде жариялануы тиіс.

6. Азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау оларды қолданысқа енгізудің міндетті ш а р т ы б о л ы п т а б ы л а д ы .

7. Республиканың мемлекеттік құпияларын немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтитын нормативтік құқықтық актілер олардың қабылданған күнінен бастап немесе актінің өзінде көрсетілген мерзімдерде қолданысқа енгізіледі.";

1 2 ) 3 8 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

"1" деген сан "2" деген санмен ауыстырылсын;

"министрлігінде" деген сөз "органдарында" деген сөзбен ауыстырылсын;

13) 40-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы "шығарылған" деген сөзден кейін " нормативтік" деген сөзбен толықтырылсын;

14) 47-баптың 2-тармағында ", мемлекеттік комитеттер" деген сөздер алынып тасталып, "мен" деген сөз "және" деген сөзбен ауыстырылсын.

**2-бап.** Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК